

**«Сентрас Секьюритиз» АҚ сенімгерлік басқаруындағы
«БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін
инвестициялық басқару бойынша ақпарат**

2025 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша «Сентрас Секьюритиз» АҚ (бұдан әрі – Сентрас Секьюритиз) сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері (бұдан әрі – ЗА) 3 743,55 млн теңгені құрап отыр.

Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтері есебінен құралған қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің құрылымы 1-кестеде берілді.

1-кесте. Қаржы құралдарының бөлігінде Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

млн. теңге

Атауы	01.01.2025 жылға ағымдағы құны	01.01.2025 жылға үлесі	01.11.2025 жылға ағымдағы құны	01.11.2025 жылға үлесі	Жыл басынан бергі өсу/төмендеу
ҚР ҚМ МБҚ	581,92	30,50%	484,74	12,95%	-16,70%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары	199,43	10,45%	802,61	21,44%	302,45%
ҚР ЕДБ облигациялары	175,82	9,22%	527,07	14,08%	199,78%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	220,26	11,54%	574,43	15,34%	160,79%
ХҚҰ	-	-	-	-	-
ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары	165,39	8,67%	117,37	3,14%	-29,03%
Шетелдік эмитенттердің үлестік құралдары (ETF пайлары)	10,76	0,56%	154,10	4,12%	1331,62%
Шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары	108,57	5,69%	117,26	3,13%	8,01%
АҚШ мемлекеттік облигациялары	101,78	5,33%	269,59	7,20%	164,87%
Репо	307,69	16,13%	430,40	11,50%	39,88%
Басқа активтер (дебиторлық берешек, мерзімі өткен бере- шек, провизиялар)	2,37	0,12%	9,19	0,25%	288,01%
Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат	33,90	1,78%	256,80	6,86%	657,42%
ИПБ басқаруындағы ЗА жиынтығы	1 907,89	100,00%	3 743,55	100,00%	96,21%
Зейнетақы активтерінің жиынтығы	1 907,89	100,00%	3 743,55	100,00%	96,21%

01.11.2025 жылғы жағдай бойынша теңгемен номиналданған борыштық қаржы құралдарының орташа алынған кірістілігі – жылына 16,78%. АҚШ долларымен номиналданған қаржы құралдарының орташа алынған кірістілігі – жылына 4,97%. Жинап келгенде борыштық қаржы құралдарының жалпы орташа алынған кірістілігі – жылына 14,50%.

Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат және кері РЕПО операциялары

Есепті кезең соңындағы инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражат қалдығы – 256,80 млн теңге, бұл портфельдің жалпы құнының 6,86%-ы. РЕПО операциялары бойынша ақшалай қаражат қалдығы – 430,40 млн теңге немесе портфель құрылымының 11,50%-ы. Есепті кезеңдегі кері РЕПО операциялары бойынша орташа өлшенген кірістілік – жылына 17,50%.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздары

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарының ағымдағы құны – 484,74 млн теңге, бұл портфельдің жалпы құнының 12,95%-ына тең. Есепті күндегі теңгемен номиналданған мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша өтеуге орташа алынған кірістілік – жылына 17,20%.

Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары

Есепті күндегі АҚШ долларымен номиналданған бағалы қағаздардың орташа алынған кірістілігі – жылына 4,99%, ал теңгемен номиналданған бағалы қағаздар бойынша кірістілік – жылына 17,24%. Есепті айдың соңында Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны 802,61 млн теңге болды, бұл портфельдің жалпы құнының 21,44%-ына сәйкес. Есепті ай ішінде портфель құрамына 200,00 млн теңге сомасына «ҚазАгроҚаржы» АҚ купондық облигациялары және 55,74 млн теңге сомасына «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ купондық облигациялары сатып алынды.

ҚР ЕДБ облигациялары

Есепті күндегі АҚШ долларымен номиналданған бағалы қағаздардың орташа алынған кірістілігі – жылына 7,12%, сондай-ақ теңгемен номиналданған бағалы қағаздардың кірістілігі – жылына 15,96%. Облигациялардың ағымдағы құны есепті айдың соңында 527,07 млн теңге, ал портфельдегі үлесі 14,08% болды.

ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары

Есепті күндегі теңгемен номиналданған ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары бойынша өтеуге орташа алынған кірістілігі – жылына 15,70%, сондай-ақ АҚШ долларымен номиналданған бағалы қағаздардың кірістілігі – 5,47%. Осы облигациялардың ағымдағы құны есепті айдың соңында 574,43 млн теңге болды, бұл портфельдің жалпы құнының 15,34%-ына сәйкес.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны есепті ай соңында 117,37 млн теңге болды, бұл портфельдің жалпы құнының 3,14%-ына сәйкес.

АҚШ мемлекеттік облигациялары

Есепті айдың соңындағы АҚШ мемлекеттік облигацияларының ағымдағы құны – 269,59 млн теңге, портфельдегі үлесі – 7,20%. Есепті күндегі АҚШ мемлекеттік облигациялары бойынша өтелуі тиіс орташа өлшенген кірістілік – АҚШ долларымен жылына 3,88%. Есепті айда портфель құрамына 165,44 млн теңге сомасына US TREASURY қазынашылық міндеттемелері сатып алынды.

Exchange Traded Funds пайлары (ETF)

Exchange Traded Funds пайларының (ETF) ағымдағы құны есепті ай соңында 154,10 млн теңге болды. Портфельдегі ETF үлесі – 4,12%. Есепті айда портфель құрамына 56,36 млн теңге сомасына ETF ISHARES 10+ YEAR INV GR CORP сатып алынды.

Шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары

Есепті айдың соңында шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 117,26 млн теңге болды, ал портфельдегі үлесі – 3,13%. Есепті ай ішінде портфель құрамына 27,64 млн теңге сомасына QUALCOMM Inc акциялары сатып алынды, сондай-ақ портфель құрамынан 25,83 млн теңге сомасына осы эмитенттің акциялары сатылды.

Валюталық құрылым

Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі 2-кестеде берілді.

2-кесте. Валюталар бөлігінде Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

млн теңге

Валюта	01.01.2025 жылғы ағымдағы құны	01.01.2025 жылға үлесі	01.11.2025 жылға ағымдағы құны	01.11.2025 жылға үлесі	Жыл басынан бергі өсу/төмендеу
Ұлттық валюта	1 474,57	77,29%	2 617,93	69,93%	77,54%
АҚШ доллары	405,14	21,23%	1 125,62	30,07%	177,83%
Канада доллары	28,18	1,48%	-	-	-
Жиыны:	1 907,89	100%	3 743,55	100%	96,21%

Инвестициялық қызмет нәтижесі

Инвестициялық қызметтің және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі нәтижесінде 2025 жыл басынан бері есептелген инвестициялық табыс мөлшері 336,15 млн теңге болды. 2025 жыл басынан бергі зейнетақы активтерінің кірістілігі 13,18%, соңғы 12 айда 2024 жылдың қарашасынан 2025 жылдың қазанына дейін 18,20% болып отыр.

Көрсетілген кезеңдегі есептелген инвестициялық табыс құрылымы 3-кестеде берілді.

3-кесте. Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алған инвестициялық табыс құрылымы

млн теңге

Атауы	2025 жылғы инвестициялық табыс
Бағалы қағаздар бойынша, оның ішінде орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі табыс	256,55
Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен табыс (шығын)	63,28
Шетелдік валютаны қайта бағалаудан түскен табыс (шығын)	16,92
Басқа активтерді қайта бағалаудан түскен табыс (шығын) (БҚҚ)	0,00
Сыртқы басқарудағы активтер бойынша табыс (шығын)	0,00
Басқа табыс (шығын)	-0,60
Жиыны:	336,15

Шартты бірлік құны туралы ақпарат

Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА шартты зейнетақы бірлігі құнының динамикасы 4-кестеде берілді.

4-кесте. Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы бір шартты бірлік құны

№	Күні	Шартты бірлік құны
1	01.10.2025	1 516,3434176
2	02.10.2025	1 516,3434176
3	03.10.2025	1 516,3434176
4	04.10.2025	1 516,3434176
5	05.10.2025	1 516,3434176
6	06.10.2025	1 521,4594908

7	07.10.2025	1 521,4594908
8	08.10.2025	1 521,4594908
9	09.10.2025	1 521,4594908
10	10.10.2025	1 521,4594908
11	11.10.2025	1 521,4594908
12	12.10.2025	1 521,4594908
13	13.10.2025	1 516,3859200
14	14.10.2025	1 516,3859200
15	15.10.2025	1 516,3859200
16	16.10.2025	1 516,3859200
17	17.10.2025	1 516,3859200
18	18.10.2025	1 516,3859200
19	19.10.2025	1 516,3859200
20	20.10.2025	1 520,9199881
21	21.10.2025	1 520,9199881
22	22.10.2025	1 520,9199881
23	23.10.2025	1 520,9199881
24	24.10.2025	1 520,9199881
25	25.10.2025	1 520,9199881
26	26.10.2025	1 520,9199881
27	27.10.2025	1 520,9199881
28	28.10.2025	1 526,9552009
29	29.10.2025	1 526,9552009
30	30.10.2025	1 526,9552009
31	31.10.2025	1 524,6445638

Инвестициялық декларация өлшемдерін сақтау туралы ақпарат

Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық бөлу Инвестициялық декларация талаптарына сәйкес. Валюталық позициялар үлесі рұқсат етілген деңгей шегінде қалады және Инвестициялық декларацияның талаптарын бұзбайды. 2025 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау шектерін сақтау туралы мәлімет 5-кестеде берілді.

5-кесте. Сентрас Секьюритиз сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша инвестициялау шектері

№	Қаржы құралының түрі	Нақты мәні (ЗА жалпы көлемінен пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
1	Ұлттық валютадағы ақшалай қаражат – теңге (KZT)	0,64%	иә
2	Қаулыға сай басқа елдердің шетелдік валютасы	6,22%	иә
3	ҚР Қаржы министрлігі және ҚР Ұлттық Банкі шығарған ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары (оның ішінде шетелдік мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланған), сондай-ақ ҚР Үкіметінің кепілімен және (немесе) кепілдігімен шығарылған БҚ	12,95%	иә
4	ҚР жергілікті атқару органдары шығарған борыштық БҚ	0,00%	иә
5	Акцияларының жүз пайызы ҚР Ұлттық Банкіне тиесілі заңды тұлға шығарған борыштық БҚ	0,00%	иә
6	ҚР және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес «Қазақстан Даму банкі», «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры», «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі», «Проблемалы кредиттер қоры» акционерлік қоғамдары шығарған борыштық БҚ	3,47%	иә

7	Қаулыға сай ҚР екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар	0,00%	иә
8	Қаулыға сай бейрезидент банктердегі салымдар	0,00%	иә
9	Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкіл бойынша «BB+» деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар төмендегі халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар: Азиялық даму банкі (the Asian Development Bank); Америкалық даму банкі (the Inter-American Development Bank); Африкалық даму банкі (the African Development Bank); Еуразиялық даму банкі (Eurasian Development Bank); Еуропалық қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development); Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank); Еуропалық Кеңестің Даму банкі (the Council of Europe Development Bank); Ислам жеке секторды дамыту корпорациясы (the Islamic Corporation for the Development of the Private Sector); Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank); Көпқырлы инвестициялар кепілі агенттігі (the Multilateral Investment Guarantee Agency); Скандинав инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank); Халықаралық валюта қоры (the International Monetary Fund); Халықаралық даму қауымдастығы (the International Development Association); Халықаралық инвестициялық дауларды реттеу орталығы (the International Centre for Settlement of Investment Disputes); Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development); Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation).	0,00%	иә
10	Қаулыға сай шетелдік мемлекеттердің үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар БҚ	7,20%	иә
11	Шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес БҚ: *Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкіл бойынша «BB» деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар шетелдік эмитенттердің акциялары; *негізгі қор индекстері құрамына кіретін шетелдік эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар; * Standard & Poor's (Стандарт энд Пурс) агенттігінің халықаралық шәкіл бойынша «BB» деңгейінен төмен емес рейтинг бағасы немесе Moody's Investors Service (Мудис Инвесторс Сервис) немесе Fitch (Фич) агенттіктерінің ұқсас деңгейдегі рейтинг бағасы бар борыштық БҚ	3,13%	иә
12	Қаулыға сай ҚР және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес ҚР ұйымдары шығарған мемлекеттік емес БҚ	62,86%	иә
13	Қаулыға сай Exchange Traded Funds (Эксчейндж Трэйдэд Фандс), Exchange, Traded Commodities (Эксчейндж Трэйдэд Коммодитис), Exchange Traded Notes (Эксчейндж Трэйдэд Ноутс) пайлары	4,12%	иә
14	Қаулыға сай қор биржасының ресми тізіміне қосылған ҚР заңнамасына сәйкес құрылған заңды тұлға басқарушы компаниясы болып табылатын интервал пайлық инвестициялық қорлардың пайлары	0,00%	иә
15	Қаулыға сай аффинирленген асыл металдар	0,00%	иә
16	Қаулыға сай хеджирлеу мақсатында жасалған туынды қаржы құралдары	0,00%	иә

«Сентрас Секьюритиз» сенімгерлік басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарын сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат

6-кесте. Есепті айдағы қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәлімет

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен мәміле құны
Қазынашылық міндеттемелер	USD	US TREASURY	165 441 096,86
акциялар	USD	QUALCOMM Inc	27 642 466,19
купондық облигациялар	KZT	«ҚазАгроҚаржы» АҚ	200 000 000,00
ETF	USD	ISHARES 10+ YEAR INV GR CORP	56 360 109,20
купондық облигациялар	KZT	«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ	55 738 097,78
Жиыны		-	505 181 770,03

7-кесте. Есепті айдағы қаржы құралдарын сату бойынша мәлімет

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен мәміле сомасы
акциялар	USD	QUALCOMM Inc	25 832 222,76
Жиыны		-	25 832 222,76

8-кесте. Есепті айдағы бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша мәлімет

Құрал түрі	Валюта	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен мәміле сомасы
-	-	-	-
Жиыны		-	-

9-кесте. Есепті айдағы шетелдік банктердегі салымдарға орналастыру бойынша мәлімет

Құрал түрі	Валюта	Банк атауы	Теңгемен мәміле сомасы
Есепті айда шетелдік банктердегі салымдарға орналастыру болған жоқ			
Жиыны			-

10-кесте. Есепті айдағы салымдар бойынша негізгі борышты өтеу бойынша мәлімет

Құрал түрі	Валюта	Банк атауы	Теңгемен мәміле сомасы
Есепті айда салымдар бойынша негізгі борышты өтеу болған жоқ			
Жиыны			-